

Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын және оларды қайта даярлайтын оқу орындарының қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы Ережелерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1211 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 27 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1376. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 11 қыркүйектегі № 370 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 11.09.2013 № 370 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 желтоқсандағы N 1839 Р991839_ "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары туралы үлгі Ережені бекіту туралы" қаулысын жүзеге асыру мақсатында

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын және оларды қайта даярлайтын оқу орындарының қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы Ережелер бекітілсін.

2. Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыратын республикалық институт білім беру ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау саласында ұйымдастыру-әдістемелік және үйлестіруші орган болып анықталсын.

3. Жалпы орта білім департаменті (Р.М. Жұмабекова) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

4. Жалпы орта білім (Р.М. Жұмабекова), Бастауыш және орта кәсіптік білім (Қ.А. Лекер), Жоғары білім (Ә.Ә. Әбжаппаров), департаменттері осы бұйрықты облыстық, Астана, Алматы қалалық білім басқармаларына (департаменттеріне), ведомстволық бағыныстағы республикалық білім ұйымдарының назарына ж е т к і з с і н .

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылы 13 қаңтарда 47-нөмірмен тіркелген Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің " Қазақстан Республикасының мамандары мен басшы қызметкерлерінің біліктілігін көтеру және оларды қайта даярлау оқу орындарының (

қайта даярлайтын оқу орнын құру, қайта құру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

5. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын және оларды қайта даярлайтын оқу орнының негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) қосымша кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдай жасау;

2) білім беру ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мен кәсіби қайта даярлауды ұйымдастыру және өткізу;

3) педагогикалық отандық және шет елдік озық тәжірибелер, ғылым мен техниканың сәйкес салаларындағы жаңа жетістіктер туралы білім алуда мамандардың қажеттілігін қанағаттандыру;

4) білім беру саласында ғылыми зерттеулер мен тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу, кеңес беру қызметі;

5) жұмыс саласы бойынша бағдарламаларды, жобаларды, ұсыныстарды, басқа да құжаттар мен материалдарды ғылыми сараптау;

6) білім беру ұйымдары қызметкерлерін даярлау мен оларды қайта даярлаудың сапасын арттыруға бағытталған оқу-әдістемелік материалдарды ұйымдастыру және әзірлеу;

7) оқытудың жаңа технологиялары мен әдістерін мақұлдау, тарату, енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық зор коммуникациялық желілерге шығу;

8) ғылыми-педагогикалық тәжірибені оқып-үйрену, жинақтау және тарату.

6. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын және оларды қайта даярлайтын оқу орындарына: республикалық институт, облыстық біліктілікті арттыру институттары, жоғары оқу орындарындағы (жанындағы) педагог кадрлардың біліктілігін арттыратын және қайта даярлайтын факультеттер жатады.

Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесіндегі оқу орындардың қызметтерін үйлестіру мен басшылық жасауды Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыратын республикалық институт жүзеге асырады.

Жоғарғы оқу орындарындағы (жанындағы) біліктілікті арттыру факультеттері, педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау шеңберінде білім беру қызметі құқына лицензияны заңдармен белгіленген тәртіп бойынша алады.

Қалалық (аудандық) әдістемелік кабинеттер, ғылыми әдістемелік орталықтар біліктілікті арттыру жүйесіне енеді, жалпы қалада (ауданда) біліктілікті арттыру мониторингін және курсаралық кезеңде әдістемелік жұмыстарды (

конференциялар, семинарлар, озық педагогикалық тәжірибені жинақтау) іске асырады.

Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау шеңберінде білім беру қызметі құқына лицензия жоғары оқу орындары үшін белгіленген тәртіп бойынша, Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқару органдары арқылы беріледі.

7. Біліктілікті арттыру және қайта даярлау оқу орындарының қызмет етуі, Қазақстан Республикасының заңдарымен және нормативтік құқықтық актілерімен, орталық атқару органының және жергілікті атқару органының нормативтік құжаттарымен, осы Ережелермен және белгіленген тәртіппен тіркелген оқу орындарының Жарғысымен айқындалады.

8. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау оқу орындары заңды тұлға болып табылады, өзінің меншікті мүлкі, мөрі және өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған мөртабаны, заңға сәйкес банкіде есепшоты болады (жоғарғы оқу орындарындағы (жанындағы) біліктілікті арттыру факультеттерін есепке алмағанда).

9. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын және оларды қайта даярлайтын оқу орындары Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына сәйкес және осы Ережелер негізінде өзінің құрылтайшылары бекіткен Жарғысын жасайды.

2. ОҚУ-ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖҰМЫСЫ

10. Көрсетілген оқу орындары оқытудың төмендегідей түрлерін жүргізе алады: біліктілікті арттыру кәсіби машықтандыру және қайта даярлау.

1) Біліктілікті арттырудың мақсаты нарық экономикасының барған сайын өсіп отырған талаптарына сәйкес басшы қызметкерлер мен мамандардың теориялық және практикалық білімдерін жаңарту болып табылады.

Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің жұмыстан қол үзе отырып, біліктілік арттыруы құрылтайшы қаражаты есебінен бүкіл қызмет барысында кем дегенде 5 жылда бір рет өткізіледі. Мамандардың біліктілігін арттырудан өту кезеңі құрылтайшымен белгіленеді. Оқу мерзімінің ұзақтығын оқу бағдарламаларына орай, тапсырыс берушінің пікірін ескере отырып, оқу орны белгілейді.

Біліктілікті арттыруға оқудың төмендегідей түрлері жатады:

қысқа мерзімді - 72 сағат;
орташа мерзімді - 72 сағаттан 108 сағатқа дейін;
ұзақ мерзімді - 108 сағаттан жоғары.

2) Кәсіби машықтандырудың негізгі мақсаты теориялық даярлық нәтижесінде алынған кәсіби білімді, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру және практикада

бекіту болып табылады. Ол, сондай-ақ, атқарып отырған немесе одан да жоғары лауазым бойынша міндеттерді атқару үшін озық тәжірибені зерттеу, кәсіби және ұйымдастыру дағдыларын игеру мақсаттарында да жүзеге асырылады. Кәсіби машықтандыру қосымша кәсіби білім берудің дербес түрі, сондай-ақ, кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлаудағы оқу жоспарының бір тармағы да болуы мүмкін.

Мамандарды кәсіби машықтандыру республикада, одан тысқары жерлерде де , жетекші ғылыми-зерттеу ұйымдарында, оқу орындарында, кәсіпорындарда (бірлестіктерде), кеңес беру фирмаларында және мемлекеттік басқару органдарында да жүргізіледі.

Кәсіби машықтандырудың мерзімін, оның мақсаттарын ескере отырып, машықтандыру өткізілетін ұйымдардың, мекемелердің немесе кәсіпорындардың (бірлестіктердің) басшыларының келісімі бойынша қызметкерлерді оқытуға жіберетін жұмыс беруші айқындайды. Кәсіби машықтандыру қысқа мерзімді (апта, ай) және ұзақ мерзімді (екі жылға дейін) болуы мүмкін.

3) Білім беру ұйымдары қызметкерлерін қайта даярлаудың мақсаты кәсіби қызметтің жаңа түрін атқару үшін қажетті дербес пәндерді, ғылым, техника мен технология тармақтарын зерттеуді қарастыратын білім беру бағдарламалары бойынша қосымша білімді, іскерлік пен дағдыны игеру болып табылады.

Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын және қайта даярлайтын оқу орындарының атқарушы Өкімет органдарымен, ұйымдармен, мекемелермен, кәсіпорындармен /бірлестіктермен/, еңбекпен қамтамасыз етудің мемлекеттік қызметімен, сондай-ақ, басқа да заңды тұлғалармен жасаған келісім-шарттары негізінде білім беру ұйымдары қызметкерлерін қайта даярлау жүзеге асырылады .

Кадрларды қайта даярлау сала бойынша кем дегенде 280 сағат көлемінде жүргізіледі .

11. Жоғары білікті профессорлық-оқытушылық құрамы бар оқу орындары, Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте, орталық атқарушы органдардан алынған сәйкес лицензиялар негізінде, жоғары білім базасында екінші жоғары білім туралы диплом алу үшін, білім беру ұйымдары қызметкерлерін қайта даярлауды ақылы түрде жүзеге асыруға құқылы.

Оқудың мерзімін базалық жоғары білімге байланысты оқу орындары айқындайды, алайда бұл 1440 сағаттан кем болмауға тиіс.

12. Біліктілігін арттыру және қайта даярлаудан өткен адамдарға белгіленген үлгіде құжат беріледі:

Куәлік (сертификат) - 72 сағатқа дейін көлемдегі бағдарлама бойынша біліктілік арттырудан өткендерге;

Куәлік 72 сағаттан жоғары көлемдегі бағдарлама бойынша қайта даярлаудан

ө т к е н д е р г е ;

Мемлекеттік үлгідегі диплом - 1440 сағаттан жоғары бағдарлама бойынша екінші жоғары білім алғандарға беріледі.

3. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БІЛКІТІЛГІН АРТТЫРАТЫН ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАЙТА ДАЯРЛАЙТЫН ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ

13. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын және оларды қайта даярлайтын оқу орындарына:

1) экономика салаларының, ведомстволардың, бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің, еңбекпен қамту қызметтерінің және жеке тұлғалардың білім беру ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлаудағы қажеттілігін жедел қанағаттандыру;

2) еңбек рыногының қажеттіліктерін және экономика мен әлеуметтік саланың дамуының негізгі бағыттарын зерттеу негізінде тыңдаушыларды оқытудың б а с ы ң қ ы б а ғы т т а р ы ң а й қ ы н д а у ;

3) сабақтарды жүргізудің тиімді нысандары мен әдістерін іздестіру және енгізу, дербес және өз бетінше оқып-үйренуді дамыту, оқу процесінің практикалық бағыттылығын, саланың, аймақтың, кәсіпорынның, ұйымның, педагогикалық ұжымның нақты міндеттерін шешуге нысаналылығын күшейту;

4) жақсы даярланған тыңдаушылардан, оларды әрі қарай пайдалану үшін, ұсыныстар алу арқылы даярлықтың кешенді бағалау жүйесін құру;

5) педагогикалық ғылымның жаңа перспективалық бағыттары бойынша ғылыми зерттеулер, тәжірибелік-сынақтық және енгізілетін жұмыстар жүргізу, кәсіпорындарға, ұйымдарға, жеке тұлғаларға кеңес беру және ақпараттық қызмет көрсету, білім беру ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлаудың көкейкесті проблемалары бойынша ғылыми зерттеулер о р ы н д а у ;

6) мемлекеттік, салалық және аймақтық нысаналы ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жоспарлардың орындалуына қатысу;

7) тапсырыс берушілермен байланыс түрлерін дамыту, тыңдаушыларға кеңес беру - е н г і з у к ө м е г і н к ө р с е т у ;

8) б а с п а қ ы з м е т і н ұ й ы м д а с т ы р у ;

9) білім беру қызметінің түрлері мен нысандарын дамыту және жетілдіру;

10) білім беру ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау мәселелерінде отандық және шетелдік әріптестермен ы н т ы м а қ т а с т ы қ т ы ұ й ы м д а с т ы р у ;

11) білім беру ұйымдары қызметкерлерінің профессорлық-оқытушылық құрамының сапасын жақсарту, олардың кәсіби, педагогикалық және жалпы мәдени деңгейін көтеру;

12) қазіргі оқу-материалдық базаны жасау, тыңдаушыларды тиісті тұрғын-тұрмыстық жағдайлармен қамтамасыз ету, олардың бос уақытын өткізуді ұйымдастыру жүктеледі.

4. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРАТЫН ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАЙТА ДАЯРЛАЙТЫН ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ПРОФЕССОРЛЫҚ-ОҚЫТУШЫЛЫҚ ҚҰРАМЫ, ӘДІСКЕРЛЕРІ МЕН ТЫҢДАУШЫЛАРЫ

14. Тыңдаушылар контингентін құру мемлекеттік тапсырыстар, заңды және жеке тұлғалармен келісім-шарттар негізінде жүзеге асырылады.

15. Тыңдаушыларды қабылдау оқу орнының басшысы бұйрығымен жасалынған келісім-шарттар, сұраныстар, басқа да құжаттарға сәйкес жүргізіледі .

16. Шет мемлекеттер азаматтарының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңдары, халықаралық келісімдер және білім беру ұйымдарымен бекітілген шарттар а р қ ы л ы а й қ ы н д а л а д ы .

17. Оқытудың құнын тапсырыс берушімен келісім-шарт бойынша оқу орны а н ы қ т а й д ы .

18. Тыңдаушылар ішкі тәртіп Ережелерін сақтауға, оқу жоспарлары және бағдарламаларында белгіленген оқу жұмыстарының барлық түрлерін орындауға м і н д е т т і .

19. Оқу орындарының тыңдаушылары:

1) білім беру бағдарламаларының мазмұнын қалыптастыруға қатысуға;
2) факультеттерде, кафедраларда және мекеменің басқа да құрылымдық бөлімшелерінде бар кәсіби қызмет мәселелері бойынша нормативтік, нұсқаулық, оқу және оқу-әдістемелік құжаттамаларды, сондай-ақ, кітапханаларды, ақпараттық қорды, осы мекеменің Жарғысы бойынша белгіленген тәртіпте басқа бөлімшелердің қызметін пайдалануға;

3) конференциялар мен семинарларға қатысуға, өз рефераттарын, ғылыми еңбектері мен басқа да материалдарды мекеме басылымдарында жариялауға ұ с ы н у ғ а ;

4) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте оқу орны әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағым жасауға құқылы.

20. Негізгі жұмысынан қол үзіп оқуға жіберілген тыңдаушылар үшін негізгі жұмыс орны бойынша еңбекақы сақталады. Негізгі жұмысынан қол үзіп оқуға жіберілген, басқа қалалардан келген тыңдаушыларға Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген төлем жүргізіледі.

21. Бітіріп шығу және аттестациялық жұмыстарды, рефераттарды қорғау, емтихандарды тапсыру, әңгімелесулерді жүргізу кезіндегі білім деңгейінің бағасын арнаулы құрылған комиссия айқындайды, оның құрамын осы оқу орнының басшысы бекітеді.

22. Оқу жоспарын орындамаған жағдайда, сондай-ақ, ішкі тәртіп ережелерін дөрекі бұзған жағдайда оқу орындарының басшысының бұйрығымен тыңдаушы оқудан шығарылады, оған оқудан шығарудың себебі көрсетілген тиісті анықтама беріледі.

23. Профессорлық-оқытушылық құрамының саны бір мұғалімге сәйкес келетін тыңдаушылардың орташа жылдық контингенті осы сала бойынша мамандар даярлайтын жоғары оқу орындары үшін белгіленген нормадан 25 пайыз төмен болуға тиіс екендігі ескеріле отырып айқындалады.

24. Профессорлық-оқытушылық құрамының қызметі Қазақстан Республикасының заңдарымен және нормативтік құқықтық актілерімен, жоғары мектеп туралы нормативтік құжаттармен және оқу орындарының Жарғысымен реттеледі.

Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын және оларды қайта даярлайтын оқу орындарының құрылымы, профессорлық-оқытушылық құрамы мен әдіскерлерінің және басқа қызметкерлерінің штаттары құрылтайшыларының келісімімен бекітіледі.

5. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРАТЫН ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАЙТА ДАЯРЛАЙТЫН ОҚУ ОРЫНДАРЫН БАСҚАРУ

25. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын және оларды қайта даярлайтын оқу орындарын басқару Қазақстан Республикасының заңдарына және нормативтік құқықтық актілеріне, осы Ережелер мен оқу орындарының Жарғыларына сәйкес жүзеге асырылады.

26. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын және оларды қайта даярлайтын оқу орындарының Жарғысы оқытушылардың, ғылыми қызметкерлердің, басқа санаттағы қызметкерлердің жалпы жиналысында (мәжілісінде) қабылданады және оны Қазақстан Республикасының заңдары белгілеген тәртіппен құрылтайшы бекітеді. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар жоғарыда көрсетілген тәртіппен қабылданады және бекітіледі.

27. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын және оларды қайта даярлайтын оқу орнына жалпы басшылық етуді осы оқу орнының басшысы басқаратын сайланбалы өкілетті орган - Кеңес жүзеге асырады. Кеңесті сайлау тәртібі, оның өкілеттілігін анықтау оқу орнының Жарғысымен белгіленген тәртіпте және осы Ережелермен анықталады.

28. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын және оларды қайта даярлайтын оқу орындарын тікелей басқаруды, Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен тағайындалған басшысы (ректор, директор) жүргізеді. Басшы мен Кеңес арасындағы өкілеттіліктердің арақатынасы оқу орнының Жарғысында айқындалып белгіленеді. Оқу орнының Жарғысымен анықталған өз өкілеттігі шеңберінде басшы осы ұйымның барлық санаттағы қызметкерлері мен тыңдаушыларына міндетті болып табылатын бұйрықтар мен өкімдерді шығарады, осы оқу орнының қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады.

29. Оқу орнының басшысы заңды тұлға ретінде оқу орнының атынан әрекет етеді, қазіргі күші бар заңдарға сәйкес барлық мекемелерде және ұйымдарда оқу орнының мүддесін қорғайды.

30. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы, жергілікті атқарушы органы және жергілікті білім беруді басқару органы заңмен белгіленген тәртіппен оқу орындарының басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы, республикалық бюджеттен қаржыланатын білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыратын республикалық институттың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

Білім саласындағы өкілетті жергілікті және атқарушы органдар жергілікті бюджеттен қаражат алатын аудандық білім басқармалары органдарының бірінші басшыларын, сондай-ақ орталық атқарушы органдардың келісімімен облыстық, республикалық маңызы бар қалалар білім басқармалары органдарының, сондай-ақ колледждердің бірінші басшыларын қызметке тағайындап, қызметтен босатады.

Жергілікті білім басқармалары органдары, жергілікті бюджеттен қаражат алатын мемлекеттік мектепке дейінгі тәрбие және білім, мектептен тыс, орта білім беретін ұйымдарының бірінші басшыларын қызметке тағайындап, қызметтен босатады.

6. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын және оларды қайта даярлайтын оқу орындарының халықаралық экономикалық қызметі

31. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын және оларды қайта даярлайтын оқу орындары біліктілігін арттыру және кәсіптік қайта даярлау, педагогикалық және ғылыми жұмыстар саласында халықаралық ынтымақтастықты Қазақстан Республикасының заңдарына, халықаралық келісім-шарттарға, келісімдерге, конвенцияларға сәйкес жүзеге асырады.

32. Шет мемлекеттер азаматтарының біліктілігін арттыру және кәсіптік қайта даярлауды, шетел мамандарының жұмысын халықаралық келісімдер мен келісім-шарттар негізінде іске асырады.